№62 (10052)
6 тамыз,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Бәрекелді!

Чемпиондарымыз елге оралды

Париж Олимпиадасының алғашқы күні Қазақстан қоржынына алтын медаль салған чемпион Елдос Сметов пен қола жүлде еншілеген Ғұсман Қырғызбаев елге оралды.

Олимпиада жүлдегерлерін отбасы мен қалың жанкүйерлер, БАҚ өкілдері Алматы әуежайында қарсы алды. 60 келі мен 66 келі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғаған дзюдошылар қолдау білдіріп, сенім артқан Қазақстан халқына алғыс айтты.

– Алматы әуежайындағы атмосфера тамаша. Қазақ еліне рақмет. Алтын алам деп барғанмын. Бұйырғаны қола болды. Бар күш-жігерімді салдым. Бірақ қола алдым. Бәрі керемет болды, – деді Ғұсман Қырғызбаев.

Естеріңізге салсақ, Парижде өтіп жатқан Олимпиада ойындарында барша қазақстандықтар тарихи жеңістің куәсі болды. Дзюдодан екі бірдей қандасымыз жоғары нәтижеге қол жеткізіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Жекелей сында 60 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен спортшымыз Елдос елімізге Париж Олимпиадасының алғашқы алтынын сыйлады. Ал 66 келі салмақта өнер көрсеткен спортшымыз Ғұсман Қырғызбаев үздік үштікті түйіндеді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бақылау

Құрылыс жұмыстары қарқынды

Соңғы жылдары ауданымызда құрылыс жұмыстары қарқын алды. Аудан орталығындағы халыққа қызмет көрсететін зәулім сауда орталықтары, балабақша, спорт мектебі, елді мекендердегі су жаңа емханалар – ауқымды жұмыстың жүріп жатқанының дәлелі. Ең бастысы халық жаңадан бой көтерген нысандардың бүгінде игілігін көруде.

Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимов «Руханият» орталығының және Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектеп ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарының жәй-күйімен танысты.

Алдымен №33 орта мектеп ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысқан аудан әкімі мен мердігер мекемеге жаңа оқу жылы басталатын уақытқа дейін құрылыс жұмыстарын уақытылы және сапалы аяқтауды тапсырды. Қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Биыл ауданымыз үшін ең ауқымды жобаның бірі, аймақ басшысының қолдауымен жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталығы салынып жатыр. Музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарын біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталығы биыл жыл соңына дейін пайдалануға берілетін болады.

Сондай-ақ Ардақ Ибраимов аудан орталығының көкейту-көгалдандыру жұмыстарының барысымен танысып, саябақ пен аллеяларда тиісті абаттандыру жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтты.

«ЖЖ» ақпарат

Париж – 2024

Ел қоржынына күміс жүлде түсті

Әлем көз тіккен Париждегі олимпиада ойындарының алғашқы күндері қазақ спортшылары айды аспанға шығарып, қоржынға алтын да, қола да салды. Біз үшін тамаша басталған олимпиада халыққа керемет көңіл-күй сыйлады. Алайда бұл медальдардан кейін жерлестеріміздің жеңіске жетуі қиындай түсті. Бақ сынаған спортшыларымыз жарыстан шығып қалып жатты. Сәтсіздіктерден кейін ел медальдан үміт үзе бастаған сәтінде жерлесіміз Нариман Құрбанов спорттық гимнастиканың ат снарядындағы жаттығуда күміс жүлдеге қол жеткізді.

Отандасымыз ақтық сында 15.443 ұпай жинаған. Осылайша Нариман елімізге спорттық гимнастикадан олимпиаданың алғашқы медалін сыйлады. Сондай-ақ ол – тәуелсіз Қазақстан тарихында өз атында элементі бар алғашқы гимнасшы. Мақтанарлық жағдай.

– Спорттық гимнастикадан ұлттық құрама көшбасшысын Қазақстан қоржынына күміс жүлде салғанымен шын жүректен құттықтаймын! Лайықты түрде жеңіске жетті. Қазақстан құрамасы үшін өте қуаныштымын және осы жүлдеге сүбелі үлес қосқан барлық маманға, жаттықтырушыларға алғыс айтамын. Осы орайда Нариманның жоғары кәсібилігін ерекше атап өткім келеді. Спортшымызға жанкүйерлер үлкен сенім артты, одан медаль күтті. Ал Нариман Құрбанов жанкүйерлердің үмітін ақтап, ел қоржынына күміс жүлдені салды. Бұл медаль – осы күнге дейін төгілген тер мен еселі еңбектің өтеуі деп білемін. Қазақстандық спортшылар әлемдік аренада кәсіби шеберлігін көрсетіп жатыр деп мақтанышпен айта аламыз. Бұл – олимпиададағы соңғы жүлдеміз емес екеніне, әлі де көк туымыз көкте желбірейтініне сенімдімін. Барлығына алғыс айта отырып, Нариманды күміс жүлдесімен тағы бір мәрте құттықтаймын, – дейді Туризм және спорт министрі.

Айта кетейік, қазақстандық Нариман Құрбанов жаттығуды ең бірінші болып орындап, 15,433 ұпай алды. Ол базалық қиындығы 6,7-ге тең жаттығуды сәтті орындап шықты. Бұл сында алтын медальді ирландиялық Риз Макленаген иеленді. Оның ұпай көрсеткіші – 15,533. Ал қола медаль американдық Штефан Недорочектің еншісінде кетті.

– Спортта үлкен жетістікке жететініме сенбей, әкеме менен ештеңе шықпайтынын жиі айтатындар көп болатын. Биылғы маусымда әрбір жарыс алдында суретке қарап, арман-дайтынмын. Ал Олимпиададан жүлде алу бала кезден бергі арманым болған емес. 18 жасыма қарай жазғы ойындарға қатысып, жүлде алуға асыға бастадым. Алдыма мақсат қойдым. Мақсатыма жету үшін тынбай еңбек еттім. Елімізде бұл медальді қалай қабылдайтынын, халықтың қалай қуанып жатқанын жақсы білемін. Қазір бұл медальді ұстағаннан гөрі, еліміздің қуанып жатқанын көру мен үшін үлкен бақыт, – дейді олимпиада жүлдегері.

Спорттық гимнастикадан халықаралық жарыстарға қатысқан бір жылдың ішінде ол жеке элементімен көпшілікті тәнті етіп, былтыр әлем біріншілігінде үздік бестікке енген. Сәтін салса, келесі олимпиадада қоржынымызға алтын салатын спортшыларының бірі екеніне жанкүйерлер кәміл сенеді.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Білім

79 мың түлек тегін білім алады

Өткен аптаның соңғы күндері мектеп бітірген жастарымыз үшін ерекше болды. Өйткені тағатсыздана күткен 2024-2025 оқу жылына жылына арналған білім гранты иегерлерінің тізімі жарияланды. Жастардың түрлі эмоцияларынан тегін білім алуға деген бәсекелестіктің жоғары деңгейде болғанын анық байқауға болады. Бірі өзінің арманындағы мамандығы бойынша білім грантын жеңіп алса, екіншісі «Әттеген-ай» деп тегін оқу мүмкіндігінен айырылып жатыр.

Жалпы биыл 104 мыңнан астам талапкер білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген. Бұл былтырғы көрсеткіштен 10 мыңға артық екен. Ең көп таңдалған қала – Алматы, 42 мың бала оңтүстік астанамызда студенттік шақты өткізуді құп санаған. Елорданың оқу орындарында оқу үшін 22 мың өтініш қабылданса, 6,5 мың адам Шымкент қаласының университеттерінде оқуға ниет білдірген.

Биыл жалпы 112 мың грант бөлінген. Оның ішінде бакалавриатқа 79 мың, магистратураға 13 мыңға жуық, докторантураға түсу үшін 1 900-ден астам грант қарастырылған. Ғылым және жоғары білім министрлігінің хабарлауынша, ең көп грантты «Машина жасау, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс индустриясы» білім беру бағдарламалары тобы алған, олардың саны 19 344 грантты құрайды. Гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінген, олардың саны 19 344 грантты құрайды. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» – 13 735 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 903 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 8 288 грант тиесілі.

Мемлекеттік гранттар республикалық комиссия отырысының қорытындысы бойынша тағайындалған. Иә, грант иегерлерін анықтау комиссия мүшелері үшін де оңай болмағаны анық. Комиссия құрамында ҚР Парламентінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың, білім саласы кәсіподақтарының, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, ҚР Жоғары оқу орындары ассоциациясының және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болды.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Өнеге

Ұлттық құндылықтар дәріптелді

Жаңаталап ауылдық округінде «Қоғамдық келісім» КММ-нің Жалағаш аудандық этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшысы мен Жаңаталап ауылдық клубының ұйымдастырумен «Мен енемін, келінді тәрбиелеген» атты жұптық енелер мен келіндер арасындағы аудандық сайыс өтті. Сайыстың басты мақсаты – қазақ келіндеріне тән әдемілік пен әдептілік, ізеттілік пен сыпайылық, ибалылық пен инабаттылық сынды асыл қасиеттерді ұрпақ санасына сіңіріп, ақылды да көрікті, үлгілі келіндерді елге таныстыру.

Сайыс барысында ауыл әкімі Қуаныш Әбдіқалықов шараның маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ ол ауылда қоғамдық шараларға белсенділік танытып жүрген көпбалалы аналарға ризашылығын білдіріп, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтың алғыс хатын табыстады.

Шаңырақтың шайқалмауын насихаттап, ене мен келін арасындағы ауызбіршілікті сақтауға үлес қосуға бағытталған сайыста қатысушыларға аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова мен Жаңаталап және Ақсу ауылдық округінің аналар кеңесінің төрайымдары Райкүл Медеуова мен Күлдәш Тоқпанбетова төрелік етті.

Сайыс III кезеңнен тұрды. Алғашқы кезең «Таныстыру» деп аталды. Бұл сайыста қатысушы ене мен келін өздерін көпшілікке арнайы дайындап әкелген бейнеролик арқылы таныстырды.

Қазақ халқы ықылым заманнан асқа, оның дайындалу жолына ерекше мән беріп, бауырсақ және ет тағаммен ғана шектелмей, алуан түрлі ас дайындай білген. Алғашқы кезеңнен сүрінбей өткен 6 ауылдың енесі мен келіні «Көңілі жайлы, қазаны майлы» кезеңінде ұмыт болып бара жатқан ұлттық тағамдарды дәріптеді.

Иә, қазақтың ұлттық тағамдары туралы сөз етсек, ойымызға ең алдымен ет, қуырдақ, бауырсақ түсетіні рас. Ал аталған сайыста қатысушылар ұмыт бола бастаған «ұлпершек», «жаужүрек», «жөргем» сынды тағам түрлерін әзірлеп, шығу тарихы мен жасалу жолын таныстырды.

Мырзабай ахун ауылынан келген Гүлнабад Әбдікерова мен Торғын Иманбаева әділ-қазыларға жаужүрек және ұлпершек тағамын ұсынды. Олардың айтуынша, бұл тағам адам бойындағы күш-қуатын арттырып, батылдыққа жауап беретін гормонның бөлінуін қамтамасыз етеді.

– Аналарымызбұрыннан ер балаларды батылдыққа, ержүректілікке тәрбиелеп отырған. Осыған орай, ұлдарына әркез «жаужүрек» тағамын жиі жасап берген. Аталған тағамның құрамында гепарин элементі мол. Басқаларға қарағанда, қойдың бауырында бұл элемент көбірек болады. Ол жүрек жұмысын жақсартып, жүрек талмасының алдын алады. Оны бұрын-соңды жолаушылар мен малшылар көп жеген. Қазіргі таңда бұл тағамды қонақтарға ыстық тағам ретінде ұсынуда, – дейді Гүлнабад Әбдікерова.

Сондай-ақ келесі тағам «ұлпершек» деп аталды. Сайыскердің айтуынша бұл тағам жылқы немесе сиыр секілді ірі қара малдың жүрегінен жасалады. Оны алдын ала бір ай бұрын ұнға салып қояды. Бұл тағамды тұрмысқа шығып, алысқа ұзатылып кеткен қызға арнап төркіні әзірлейтін болған. Оны алған қыз қайда жүрсе де ата-анасының жүрегінде екенін есте сақтаған. Ата-анасының сәлемі ретіндегі тағамды малды жаңа сойған кезде даярлаған. Жүректі кітапша секілді ашылатындай, қатпарлап тіліп, тазалап-жуып, тұз, бұрыш қосады. Ет пен майды жіңішке етіп турайды да оны жүректің тілінген қатпарларына салады. Содан соң оны ұн салынған дорбаға салып, салқын жерге бір-ай бойы қойып қояды. Уақыты келгенде оны фольга немесе аспаз қабында пісіреді. Өте дәмді әрі жұмсақ болып шығатын тағам В2, В12 дәрумендері мен микроэлементтерге бай.

Иә, қазақ халқы ешқашан ысырапшылдыққа жол бермей, қолда барды пайдаға жаратқан. Мал сойғанда тек етін ғана емес, ішек-қарнын да тазалап, одан түрлі ас дайындаған. Ішек-қарыннан дайындалатын пайдалы әрі дәмді «жөргем» тағамы да бұл сайыста қатысушылар назарынан тыс қалмады. Бұл тағамды дайындап әкелген Таң ауылының қатысушылары Сәрсенкүл Өтегенова мен Ғалия Құлғазиеваның айтуынша «жөргем» – малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен жасалады.

– Мал сойғанда ащы ішек пен тоқ ішегін жуып тазалап, тұздағаннан кейін оны айналдырып, тағы бір рет сумен шайқайды. Қазанға салып асуға қолайлы болу үшін ішектерді өткермелеп өреді. «жөргемді» асуға да, турап қуыруға да болады. Майға қуырған «жөргем» дәмді болады. Сондай-ақ «жөргемді» қонақ табақтарына салмайды, – дейді Сәрсенкүл Өтегенова.

Бұдан кейін қатысушылар «Ана көрген тон пішер» атты кезең бойынша сынға түсті. Бұл кезеңде сайыскерлер ұршық иіріп, диірмен тартып, жүн сабап, көрпеше тігу арқылы ұмыт болып бара жатқан қазақ әйелдерінің тұрмыс тіршілігін көрсетті.

Иә, қазіргі таңда жас келіндердің үйде отырып ұршық иіріп, жүн сабап отырғаның кезіктіру қиын. Әйтсе де, қатысушылар өздерінің қолөнерге мығым екенін көрсетіп, бір-бірінен қалыс қалмады.

– Қолымнан келсе бәрін істеуге уақыт табуға тырысамын. Кішкентайымнан анамнан ұршық иіріп, шұлық тоқуды үйрендім. Бұл ісімді бүгінде жандандырып, тұрмыста болсам да бір сәтке қол үзбей шұлық пен тоқыма тоқуды кәсіп етіп келемін, – дейді Торғын Иманбаева.

Байқау нәтижесі бойынша Аққыр ауылынан келген Табынбаевтар отбасы үш сыннан сүрінбей өтіп, бас жүлде иеленді. Ал жүлделі I орын Жаңаталап ауылының тұрғындары Сарбалаевтар отбасына бұйырды. Ахун атындағы ауылдан келген Жармабаевтар отбасы II орынды еншілесе, Таң ауылындағы Ізбасовтар отбасының енесі мен келіні үздік үштікті түйіндеді.

Сондай-ақ, «Ұлағатты ана» номинациясымен Мақпалкөл ауылындағы Жахиевтер отбасы, «Өнерлі отбасы» номинациясымен Мәдениет ауылындағы Қыстаубаевтар отбасы марапатталды.

Жеңімпаздарға арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтар табысталып, шара соңы ауыл өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Брифинг

Бірдейлендіру бәрінен маңызды

Ауданда алғашқы жартыжылдықта бекітілген жоспарға сәйкес ветеринариялық іс-шаралар толығымен атқарылған. Аса қауіпті 14 жұқпалы аурудың алдын алуға республикалық бюджеттен биопрепараттар жеткізіліп, ауылдық округтердегі ветеринариялық пункттерге таратылған. Сарып ауруына қатысты 27 761 ірі қара, 25 144 уақ малдың басынан қан сары суы алынып, тексерілген. Тексеріс барысында ауру төрт түліктен ауру анықталған жоқ. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық ветстанция басшысы Әбдісаттар Бақтыбаев баяндады.

Спикердің сөзінше, аудан бойынша 6 айда iszh.kz дерекқор базасы туралы мәліметке сәйкес веб-порталдық базада 36 682 сиыр, 32 795 уақ мал, 29 634 жылқы, 829 түйе, 50 шошқа тіркелген. Қазіргі таңда биыл бекітілген жоспарға сәйкес 6001 МІҚ, 8 319 уақ мал, 3 678 жылқы, 29 түйе бірдейлендірілген.

Биыл «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» деректер базасында «Жасыл дәліз» функциясын ашу мақсатында ауданда түрлі себептермен бұрын тіркелмеген, есепке алынбаған ересек ауыл шаруашылық жануарлардың есебі жинақталуда. Қазіргі таңда аудан бойынша бұрын тіркелмеген мал ұстаушылар тарапынан берілген өтініштерге сәйкес 596 сиыр, 97 уақ мал, 2 196 жылқы, яғни барлығы 2 889 бас ауыл шаруашылығы жануарлары бірдейлендіріліп, есепке алынған. Бұл жұмыстар негізінде бұрын тіркелмеген, есепке алынбаған ересек ауыл шаруашылық жануарлардың иелеріне өз атына тіркеп алу мүмкіндігі беріледі.

– «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылы қабылданды. Аталған Заңға сәйкес үй жануарларын (ит, мысық) есепке алу чиптерді, сырғаларды, білезік немесе жағалар, шлейкалар және тағы басқа да есепке алу бұйымдарын пайдалана отырып, ақылы негізде жүргізіледі.

Тіркеу рәсімдерін мемлекеттік және жеке ветеринариялық қызметті атқаратын ұйымдар жүзеге асырады. Үй жануарларын (ит, мысық) тіркеу міндетті. Сонымен қатар Заңның 15-баптың 1-тармағының 1, 4 тармақшасына сәйкес, аудан бойынша 536 ит, 9 мысық жансыздандырылды. Қазіргі таңда ауданда 600 ит «ТАҢБА.KZ» платформасына тіркелді, тіркеу жұмысы әлі де жалғасуда, – деді Ә.Бақтыбаев.

Айта кетейік, ауданда мал көмінділерінің жалпы саны – 15. Оның ішінде 5-еуі типтік жобада (Ақсу, Бұқарбай, Аламесек, Мәдениет ауылдық округтерінде және Жалағаш кентінде), қалған 10 ауылдық округте бейімделген түрінде салынған.

Спикер мемлекеттік қызмет көрсету бойынша биыл 6 айда 2433 ветеринариялық анықтама берілгенін айтады. Осыған дейін бұған қатысты арыз-шағым түспеген, себебі барлығы заңдылыққа сәйкес жүргізілген.

– Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «TortTulik» мобильді қосымшасы іске қосылуына байланысты мобильді қосымша ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кеңейтуге ықпалын тигізетінін, әрбір жануарлар иесі (ШҚ, ЖШС, ЖҚШ және т.б.) өз жануарларының санын түгендеу жүргізе алатынын және бұл ветеринар дәрігерлерге ветеринарлық-профилактикалық іс-шараларды уақытылы және толық жүргізуге мүмкіндік беретінін жақсы біледі. Бұл туралы күнделікті түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Нәтижесі бойынша жоспарланған 4 432 жануар иесінің, 2897-сі «TortTulik» мобильді қосымшасына тіркелді, – дейді спикер.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кездесу

Өнердің өз өкілі

Өткен апта да аудандық «Руханият» орталығында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жергілікті қаламгер, тарихшы, аудандық музейдің ғылыми қызметкері Марат Шәмекеймен «Өнердің өз өкілі» атты кездесу кеші өтті.

Марат Ақмырзаұлы архив түкпіріндегі шаң басқан ескі құжаттарға көз майын тауысып, туған өлкеміз жайлы құнды деректерді, жұрт жадынан шығып бара жатқан тарихи оқиғалар мен тұлғаларды өзінің кітаптары арқылы туған еліне көзайым еткен жергілікті қаламгер, әрі еңбекқор өлкетанушы. Оның қаламынан туған түрлі тақырыптағы мақалалар мен көркем прозалар өзіндік сыр-сипаты бар құнды деректер. Оған тарихи танымы бар «Жалағаштық жауынгерлер» мен «Өмір сүрдіндер-ау» атты кітаптары дәлел.

Қаламгердің қаламынан туған «Жалағаштық жауынгерлер» атты кітабында сұм соғыста ерлікпен қаза болған ата-бабаларымыз жайлы тың деректер бар. Ол бүгінде бұл кітап қызығушылық танытып жатқан оқырмандарының қарасы қалың екенін жеткізді. Айтуынша, тарихи кітапқа республикаға танымал Евразия университеті мен Қазақ ұлттық университетінің доктор-профессорларымен қатар, Ресей мен Беларуссия мемлекеттерінен де сұраныс артуда. Сондай-ақ қаламгердің тағы да бір құнды дүниесі «Партизан Тұрғанбике» атты екі актілі драмалық пьесасы. Бұл шығарма да Жалағаш топырағында дүниеге келген Тұрғанбике Жұмабаеваның өмірі мен соғыстағы ерліктері жайында жазылған.

Сондай-ақ бұл туынды аудан тұрғындарына спекталь ретінде көрсетіліп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген. Кездесу соңында Марат Шәмекей жастар тарапынан қойылған туған өлкенің тарихы мен киелі мекендер туралы сұрағын да жауапсыз қалдырмады.

Сезім НҰР

Сақтансаң, сақтайды

Кенеден келер қауіп көп

Ауданда жыл басынан бері кене шағуымен 113 адам көмекке жүгінген. оның 38-і – 14 жасқа толмаған балалар. Кене шағу жағдайы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 32 жағдайға көбейген. Былтыр дәл осындай 79 жағдай орын алған болатын. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі бала саны – 29.

Шағымданушылардың 60 жағдайы, яғни 53 пайызы Жалағаш кентінде тіркелген. Ал 53 жағдайы ауылдық округтердің үлесінде. Кене шағу жағдайларының өсу тенденциясы 2024 жылдың сәуір айынан басталды. Ақпанда 1, наурызда 5, сәуір айында 15, мамырда 19, маусым 24, шілде айының соңына дейін 49 жағдай орын алған.

Бүгінге дейін ҚР СЭБ «ҰСО» ШЖҚ РМК облыс бойынша филиалы аудандық бөлімшесінің бактериологиялық зертханасына 2377 (елді мекеннен 728, жануарлардан 488, табиғаттан 1161) кене Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының вирусын жұқтырушылыққа зерттеліп, яғни Далдабай елді мекенінен табиғаттан жиналған кенеден оң нәтиже анықталып отыр.

Аққұм және Ақсу елді мекендерінен 1 жағдайдан риккетсиозауруы есепке алынды. Риккитсиозбен ауырғандардың барлығы ересектер арасынан тіркелген. Науқастар аудандық жұқпалы аурулар бөлімшесінен ем алып, дертінен айықты.

ККҚҚ ауруының алдын алуы бойынша осыған дейін 3 бұйрық шығып, аудандық емханада семинарлар өткізілді. Оған 93 дәрігермен 378 орта медицина қызметкері қатысты. Халық арасында 40 дәріс, 18 радио дәріс оқылып, жергілікті «Жалағаш жаршысы» және «Сыр табиғаты» газетіне мақалалар жарияланды. 45 санбюллетень шығарылып, 3 325 тұрғынмен кездесу, 3 610 әңгімелесу кең санитарлық-ағарту насихаттау жұмыстары атқарылса, 4 410 парақша мен 1950 үнпарақ таратылды.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының негізгі белгілеріне келсек, инкубациялық, яғни алдымен жасырын кезең жүреді. Аурудың басты белгілеріне іш ауру, іш өтуі, бас ауруы, құсу, әлсіздік, дене қызуының көтеріліп, геморрагиялық белгілердің пайда болуы жатады. Адам ағзасының шырышты қабаттарынан, тістерінен, мұрнынан ішкі ағзаларынан қан кетеді.

Кенелер химиялық заттардың иісіне өте сезімтал келеді. Табиғатқа шығар алдында дененің ашық жерлеріне киімге кенені жолатпайтын заттарды, репелленттерді пайдалану керек. Оларды дәріханалар мен дүкендерден сатып алуға болады.

Кененің адамдарға ең көп шабатын уақыты – таңғы сағат 8.00-ден 11.00-ге дейін және кешкі сағат 17.00-мен 20.00-дің аралығы. Күн ыстықта 11.00-ден 17.00-ге дейін олардың белсенділігі төмендейді.

Кене шағып алғанда не істеу керек? Алдымен денеге қадалған кенені өте мұқият алу керек, өйткені тұмсығы үзіліп, адамның денесінде қалуы мүмкін, қандай жағдай болсын кенені қолмен алуға және сығуға болмайды. Сондықтан кенені алғанда бірқатар талаптарды сақтау керек. Алдымен пинцетпен немесе арнайы құралдары арқылы ғана медицина қызметкерлерінің көмегімен жұлып алу қажет. Кененің шаққан орнын йод ерітіндісімен немесе спиртпен залалсыздандыру керек. Алып тастағаннан соң қолды сабындап жуу қажет. Шаққаннан бастап 3 күннен кешіктірмей жергілікті медициналық мекеменің көмегіне міндетті түрде жүгіну керек.

А.БЕКТАЕВА,
аудандық ауруханың жастар денсаулығы құрылымдық бөлімшесінің дәрігері

Даналық пен даралық

Құбылыс

Жеті қат жердің тектоникалық қозғалысы мен сілкінісінен жанартаулар пайда болатыны сияқты уақыттың ұзақ толғағынан дүниеге мың жылдықтарда бір келер, қайталанбас, қайтып тумас, даналық пен даралықтың үздік үлгісі – ұлылардың ұлысы әлемді жалт қаратып, таңдай қаққыза тамсандырып, ашады өмір есігін. Бұл жүз, мың жылда болатын оқиға емес, бірнеше мыңжылдықтарда бір-ақ мәрте болатын құбылыс!

Ұлы даланың ұланғайыр бір өңірі – қасиетті Шыңғыстауда, бұдан 175 жыл бұрын, тамылжыған тамыз айының 10 жұлдызында дала данышпаны Құнанбай шаңырағында Абайдың өмірге келуі – құбылыс, әлем таңғалған құбылыс!

Осы құбылыстан соң әлем өркениетіне көшпенділер мәдениетімен үлкен олжа салған Ұлы даланың өмірінде ұлы өзгеріс басталып, ұлттық рух асқақтатады. Ұлттық рухты көтеріп, санаға сәуле түсірген ұлы тұлға, ұлағатты құбылыс – Құнанбай қажының перзенті болып өмірге келіп, адамзаттың асылына айналған ұлы Абай, ұлы құбылыс!

Сол құбылысты «Абай жолы» атты әйгілі роман-эпопеясына алтын арқау еткен Мұхтар Әуезов шығармасы әлемді шарлап, құбылысты құлпыдай құлпыртты.

Бұл Абай – құбылыс нұрынан түскен жарық сәуле еді.

Абай – құбылыс өмірге келгелі екі ғасырға жуық, Әуезовтің «Абай жолы» жарық көргелі жүз жылға жақын уақыт өтті. Содан бері әлемде талай өзгеріс болды. Кейбір мемлекеттер мен халықтар өмірден озды. Теңіздер тартылды, таулар шөкті. Ал Абай – құбылыс, ол жайлы жазылған ұлы шығарма – «Абай жолы» адамзатпен бірге жасасып келеді.

Абай – адамзаттың Абайы!

Абай – құбылыс!

Даралық сыры

Сонау ту алыста қалған аты белгісіз арғы дәуірлерден күні бүгінге дейін адамның ақыл-ойы мен қиялынан небір ғажайыптар туып, адам қолымен талай кереметтер жасалды. Перғауындар пирамидасы, Семирамиданың аспалы бағы, Эфес қаласындағы ғибадатхана, Зевс мүсіні, Мавсол патша мавзолейі, Родос алыбы, Александриядағы ежелгі дүние шырағы – әлемнің жеті кереметі, онан соң сегізінші керемет Тәж-Махал мазары өмірге келді. Адамның ақыл-ойы атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалана бастады. Кәрі тарихтың өзін таңғалдырып ғарышқа ұшты. Сөз жоқ, мұның бәрі адамзат туғызған ғажайыптар. Осы кереметтердің бірі ғана емес, бірегейі – адамзат даналығы туғызған бейнелер әлемі – әдебиет. Ғасырлар бойы сақтала беретін байлықтары бар әдебиеттің ең үздік үлгілерін туғызған талант аспандағы ай мен күндей аяулы. Кемел ойлы кемеңгер таланттың өзі де, оның қайталанбас хас туындылары да зеңгір көктегі күн, алыс жұлдыз жарығындай қуатты да шуақты!

Сол кемел ойлы кемеңгер таланттардың нәр алатын қайнар бұлағы – ұлы Абай, Абай ілімі, даналықтың даралық сыры. Көк аспандай көрсетпейтін көлемін, көк мұхиттай өлшетпейтін тереңін Абай құбылыс ғасырларға шыдас берер беренім аспандағы Ай мен Күндей айналаға үнсіз сәуле шашып тұр. Абай орыстың Толстойы, өзбектің Фирдаусиі, тәжіктің Рудакиі, немістің Гетесі, ағылшынның Шекспирі, француздың Бальзагы, испанның Сервантесі, арабтың Юсеф Ас-Сибайы, жапонның Харуки Мураками... тағы басқа да әлемдік деңгейдегі ұлы тұлғалармен талант, ақыл-парасат жағынан қандас, туыстас. Абай солармен иықтасып қатар тұр. Бұлай деу де аз олардан бір елі болса да биік. Бұған оның өлеңмен, қарасөзбен он алты өрім қамшыдай жымын білдірмей қатар өрген қатпары қалың, қалтарысын кез келген жан ұға бермейтін, түнде де жарқырайтын сан қыры даралық сыры айқын айғақ.

Даналық жарығы

Тас төбеден құйылған сол сәулеге шомылған даналық жарығынан нәр алған әрідегі әлемдік деңгейдегі тұлғаларды түгендемей-ақ, берідегі Мұстай Кәрім, Расул Гамзатов, Олжас Сүлейменов, Пауло Коэльо, Анар, Герман Кант, Рима Казакова, Евгений Евтушенко, Момын Каноат, Людмила Щипахина, Робель, Алекс ла Гума, Феликс Кузнецов, Юрий Бондарев, Шыңғыс Айтматов, Сергей Михалков, тағы басқа сан саңлақты айтсақ та жеткілікті. Әлем әдебиетіне азбас, тозбас мол олжа салған бұлардың да ойын оятқан, санасына сәуле құйған құдай тектес құдірет Абай!

Бұл аз десеңіз, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: «Абай – рухани реформатор. Қазақстанның тұңғыш Президенті – Елбасы қайталап, қадап айтқандай: «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары».

Қазақстан Президенті, әлемдік деңгейдегі аса салиқалы, асқан салмақты Абай даналығынан нәр алған, Абай даналығының жарығы түскен Қасым-Жомарт Тоқаев



Абайдың даналық жарығы жайлы: «Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Екінші, тәрбие мәселесі. Сондықтан өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт берген жөн. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет.

Үшінші, жаңа кәсіп игеру. Ақын әр қазақ өз ісінің шебері болса деп ар-мандады. Әсіресе бәсекелестікке толы алмағайып заманда мұның мәні зор. Абай: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбе-гейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте.

Төртінші, ынтымақ мәселесі. Абай әрдайым қоғамның береке-бірлігін арттыруға ден қойды. Ол «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің – бәрі бос» деп, елді татулыққа шақырды.

Біз аса күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мәміле мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кемеңгердің де жаңжүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Сондықтан бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр.

Абай өнегесінің құны дәуір алмасқан сайын артпаса, кемімейді. Ол баршаға түсінікті әрі күллі адамзатқа ортақ. Оның қара өлең болып өрілген және қара сөз болып төгілген оралымды ойлары әлі күнге дейін өмірлік бағдар болып келеді.

Ұлтының болашағы үшін қам жеген ұлы ойшыл күллі жұртшылықты да махаббат пен мейірімге үндеді. Ақынның осындай адамгершілік қағидаттары еліміздің бүгінгі ұрпақтары үшін де аса қажет», – деп толымды ой толғады.

Абайдың даналық жарығы «Нұрлы жолды» нұрландырып тұр.

Мәңгілік сағыныш

Тарих – ана ұзақ толғатып, сирек туатын ұлы тұлғалар бір халықта ғана емес, бар халықта да бар. Олар бір ұлттың ғана емес, барлық ұлт, барша халықтың мақтанышы. Әлемдік асыл қазынаға олар қосқан жауһарлар адамзаттың ортақ игілігі. Хакім Абай осы санаттағы саңлақ. Ол алыптар тобының көшбасшысы. Абай сынды ұлы тұлғалар ақ бас шындары алқаракөк аспанмен таласқан асқар таулар секілді қашықтан қарасаң айбынды, сұсты, кейде, тіпті суық болып көрінеді. Ал сол алыстан айбынды көрінген асқар таулардың жанына жақын келсең, өзгеше бір жылылық, тартымдылық табасың.

Кісілік пен кішіліктің ертеден егіз екенін танисың. Алыстан асқақтаған зеңгір таулар жанына келсең, жайқалған бау-бақша, бауырынан құлай аққан сыңғыр бұлақ, төсінен көкке шаншылған сыңсыма көк майса, көгерім талымен аялап, саясына алады. Ұлы таулар мен ұлы адамдар арасында ғажайып бір ұқсастық қана емес-ау, табиғи туыстық, оны айтасыз, қандастық, тұтастық бар. Есімі мен еңбегі елімізге, оны айтасыз бүкіл дүниежүзіне мәшһүр алыптар жайлы көңілге түйер ойдың бірі осы. Абай – осы саптағы саңлақтардың басында тұрған алып!

2020 жылы 10 тамызда ұлтымыздың ұлы ақыны, ойшыл тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Бұдан ширек ғасыр уақыт бұрын Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде атап өткізілген болатын. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 10 тамыз «Абай күні» болып бекітілді. Бұл хакім Абайдың туған күні, поэзия күні, ұлттық рухты асқақтататын бүкілхалықтық мереке!

Қазақстан Республикасының Президенті Төртінші, Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «XIX ғасырда өмір сүріп XXI ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс» деген сөзінде тереңнен тебіреніп шыққан текті ой бар. Сол ойға арқа тіреп Абайды әлемге әлі де таныта, насихаттай түсуіміз керек. Біздің бұл ойымызды Мемлекет басшысының: «Біздің ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды. Мен бұл жөнінде «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаламда кеңінен айттым. Биылғы жыл халықаралық «Абай жылына» айналды. Әлемнің көптеген елдері оның шығармашылығына назар аударуда. Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынымыздың 175 жылдық мерейтойы жаһандық деңгейде аталып өтуде. Ақынның баға жетпес мұрасын ұғындыру және дәріптеу – азаматтық парызымыз. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс. Қазір ақынның еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу үшін нақты және мақсатты жұмыстар қолға алынуда. Оның шығармалары әлемнің он тіліне аударылып, баспаға әзірленді. Бұл кітаптар жүзден астам елдің кітапханалары мен мәдени орталықтарына жіберіледі. Бірқатар шетелдік аудармашыларға, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушыларға менің Жарлығыммен мемлекеттік награда берілді. Абай рухын ұлықтау шаралары жалғасуда. Шетелдегі елшіліктеріміздің жанынан Абай орталықтары ашыла бастады. Ақынның шығармашылығын жүйелі зерттеу үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан Абай академиясы құрылды» деген сөзі қуаттай түсті.

Абай жайлы бұрын да, бүгін де талай тамаша еңбектер жазылды. Солардың ішіндегі соңында соқпақ салған, тың, ордалы ой айтқан аса бағалы, тұлғалы туынды Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы. Бұл аты мақала болғанымен заты үлкен монографияның жүгін көтерген азбас, тозбас, мәңгілік еңбек!

Қаламы ұшына орала кеткен «Мәңгілік сөзі ұлы Абайға деген мәңгілік сағыныш отын тағы да үрлей түсті. Иә, біз Абайды сағынамыз. Абайды сағыну – ұлылықты сағыну, құбылысқа табыну. Бұл мәңгілік сағыныш.

Адастырмас ақ жұлдыз

Бұл дүниеде одан биік, одан кең не бар?! Ұша білген қанатқа дүние кең дейтініміз де содан. Әйтсе де, биікке аңсары ауған құштарлар қаншалық көп болса, сол биікке шырқап шыққан қырандар соншалық аз. Ол заңды да. Биіктік таланттар мен қанаттылардың ғана мекені. Құр қызығу мен құрғақ құштарлық құшағына сыймайды. Өмірдің осы бір қатал, әділ заңы өнерге де тиесілі. Содан да болар қаламгерлер аз, жарқыраған жақұттай қат.

Өмірдегі сияқты өнерде де оңай бақыт болмайды. Қымбаттың бәрі қиынға түседі, жазушы жолы – шың мен шыңыраудың екі аралығында қиын асуға өрмелеген таудың тар жол, тайғақ кешуі тәрізді. Оң жағындағы шыңға көз тіксең де, сол жағындағы шыңырауға қарасаң да басың айналып, табаның тайып кетуі кәдік. Сондай қиын жол, қиян асуда қарсы алдыңнан адастырмас жұлдызың боп жанатын кемеңгердің бірі емес, бірегейі! Ол нұсқар, асқарға бастар жарық жұлдыздай.

Сонау зеңгір аспанда жұлдыздар қаншалық көп болса, аты мен заты белгілі жарқыраған жарық жұлдыздар соншалық аз. Ондай жарық жұлдыздарды көп жұлдыздардың өзі де көлегейлей алмайды. Әдебиет әлеміндегі сондай жарық жұлдыз Мұхтар Әуезов екенін ешкімнің ажарына қарамайтын қатал уақыттың өзі дәлелдеді. Абайдың ақындығы, қаламгерлігі жайлы сөз болғанда мына бір жай ойға оралады.

Тоқсаныншы жылдары Оңтүстік Африкада кимберлит трубасынан XX ғасырдағы ең үлкен алмастардың бірі табылды. Одан бриллиант алу үшін әлемдегі ең таңдаулы зерлеуші шақырылды. Атақты шебер кимберлит трубасындағы алмастың қыр-сырын ұғу үшін тек оны зерттеуге ғана бір жыл уақытын сарп етті. Содан соң ғана алмасты қырнап, өңдеп, зерлеуге кірісті. Одан кейін төгілген тер мен асқан шеберліктен өмірге қай қырынан қарасаң да жарқырап тұрған асыл текті бриллиант келді. Соншалықты тыңғылықты зерттеусіз, оның табиғатын ұқпайынша, шебер оны жақұттай жарқырата алмас еді. Абайдың өлеңдері мен қарасөздері сол жусан иісті кимберлит сынды.

Абайдың өлеңдері де, қырық бес қарасөзі де тұнып тұрған тұп-тұнық, түпсіз терең ой. Бұлай деу де аз, Абай мұрасы жол көрсетіп тұрған бағдаршам, адастырмас ақ жұлдыз. Көзқарақты қауымның бәрі білетін ол жұлдызды жырлар мен құндызды, аса құнды сөздерді тізбелеп жатпай-ақ, өлеңнен бір, қарасөзден бір мысал келтірейік.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз, –
дейді Абай. Ұлттың ұраны ғой бұл!

Абайдың барлық қара сөзі адастырмас ақ жұлдыз. Бір ғана мысал: «Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғадаләт, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз. Сол махаббат пен ғадаләтке қарай тартпақпыз, сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Иландым, сендім демек, иландырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп», дейді Абай қырық бесінші қарасөзінде. Ал енді осы сөздің айдай ақиқаттығына бас имейтін жан бар ма?!

Абай шөлдегенге – бұлақ, адасқанға – шырақ. Абай – адамзатқа жол көрсетіп тұрған адастырмас ақ жұлдыз!

Адамзат барда Абай бар!
Абай дүние тұрғанша
тұратын тұлға!

Сәбит ДОСАНОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

79 мың түлек тегін білім алады

Статистикаға сүйенсек, бір гранттық орынға ең жоғары конкурс «Стоматология» мамандығы бойынша өткен. Яғни бұл мамандық бойынша 35 талапкер бір орынға таласқан. Ары қарай «Халықаралық қатынастар және дипломатия» 11 адам, «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» 10 адам», «Аударма ісі» және «Психология» 9 адам болды.

Грантқа үміткерлер арасында баллдар теңдігі жағдайында басым құқыққа ие болатын 22 мыңнан астам талапкер, олардың ішінде «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оқу үздіктері бар. Сондай-ақ гранттарды үйлестіру барысында әлеуметтік осал санаттағы балалардың квоталары ескерілген.

Соңғы уақытта елімізде орын алған су тасқыны бүкіл елге ортақ сынақ болды. Осы жағдайға байланысты жоғары білім алуға гранттардың бір бөлігін зардап шеккен өңір тұлектеріне бөлінген. Саны көп те емес, 5112 грант екен. Яғни 20 мыңнан астам түлек су басқан өңірден бітірсе, соның 10 мыңнан астам түлегі жалпы конкурспен өткен.

Алайда су тасқынынан зардап шеккен аймақтар үшін квота қарастырылғанымен, сол аймақтардың талапкерлері жалпы конкурс бойынша грант ұтып алды. Грант алғандардың тек 1130-ы немесе 1,7 пайызы мүмкіндікті пайдаланған. Нақтырақ айтсақ, бұл аймақтарды қолдау үшін талапкерлерге дайындалу және конкурсқа құжаттарын тапсыру үшін мерзімі кеңейтілген және конкурсқа ең жақсы ҰБТ нәтижесі бар сертификатын ұсыну мүмкіндігі берілген.

Қосымша айта кететін жайт, гранттардың басым бөлігі инженерлік және техникалық бағыттарға бөлінген. Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен алғаш рет ішінара оқу ақысы бар сараланған гранттар енгізілген. «Педагогикалық ғылымдар» және «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» бағыттары бойынша 150 сараланған гранттан бөлінген. Сондай-ақ «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 3 903 грант қарастырылған. Гранттар тізімінде 5 000 халық тығыз қоныстанған және батыс өңірлердің жастарын жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін мақсатты білім беру гранты бар.

Жалағаштық 293 түлек грант иегері атанды

Биылғы оқу жылында аудан бойынша 420 түлек орта білім беру ұйымын тәмамдаған. Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан 420 түлектен 358-сі мемлекеттік грант конкурсына қатысуға өтініш білдірген. Кешегі жарияланған грант иегерлерінің тізімінде жалағаштық 293 түлектің аты-жөні жазылып, ЖОО-да тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Гранттардың бөлінісі бірнеше басым бағыттарға, қоғамда сұранысқа ие мамандықтарға қарай тағайындалған. Атап айтқанда, педагогика саласы мен медицина, ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтарға гранттар алынған. Аудан бойынша мемлекеттік грант иеленген 293 түлектің басым бөлігі педагогикалық және техникалық мамандықтарды таңдаған. Нақтырақ тоқталсақ, 129 талапкер педагогикалық, 22 талапкер медициналық бағытқа, 66 түлек техникалық және 32 түлек ауыл шаруашылығы мамандықтарына оқуға түскен. Сонымен қатар 44 түлек басқа да бағыттағы мамандықтар бойынша жоғары білім алатын болады.

Сапалы білім алуға мүмкіндік көп

Өкінішке орай грант ала алмаған тұлектер мен отбасылардың мұңында естен шығармаған жөн. Десе де кешегі тізімнен есімін кездестірмеген тұлектердің әлі де білім грантын жеңіп алуға мүмкіндіктері бар. Жалпы жоғары оқу орындарына құжаттарды тапсыру 25 тамызға дейін жүзеге асырылады. Сондай-ақ 3 мыңға дейін талапкер гранттан бас тартуы мүмкін, яғни олар келесі жоғары балл жинаған талапкерлерге беріледі. Мұнан бөлек жергілікті атқарушы органдардың яғни әкімдік гранттарын ұмытпаған жөн.

Оған қоса KazEnergy қауымдастығының, Х.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-де білім алу үшін Түркия мемлекетінің 500 гранты, Түркістандағы халықаралық туризм және қонақжайлылық университетінің 800 мақсатты гранты және Қазақстан халқына қорының 850 гранты бар. Ректорлардың гранты, мысалы Тұран-Астана университеті Алтын белгі иегерлеріне гранттар бөлуде. Сессия қорытындысы бойынша бос грант алу мүмкіндігі де бар.

Қорыта айтқанда, сапалы білім алуға шын ниетті жастарымыз болса, мемлекет барлық қолдауды көрсетуге дайын екенін көрсетуде. Өйткені білім қуған жастардың елдің болашағы үшін берері көп болмақ.

Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Суға шомылу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтайық!

Суға шомылудың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтамаған жағдайда демалыс сәті қас-қағымда қайғылы жағдайға айналып шыға келуі мүмкін. Сондықтан суға шомылуда сақталуға тиісті қауіпсіздік шараларын ұсынамыз:

- Шомылуды ашық, желсіз күні бастаңыз. Ауа температурасы 20-25, 17-19 градустан кем болмағаны дұрыс.
- Қоршалмаған ашық жерлерде тұруға және ойнауға болмайды.
- Суда жүзуді білмеген жағдайда су жағасынан алысырақ тұру керек.
- Судың түбінде қауіпті заттар болуы мүмкін, сол себепті таныс емес жерлерде сүңгуге, белгіленген жерден қашыққа жүзуге болмайды.
- Бастауыш мектептің оқушыларына ата-анасының рұқсатынсыз не болмаса үлкендердің бақылауынсыз су қоймаларына баруға болмайды.

Балалар үрленген матрастармен және камералардың көмегімен жүзгенді ұнатады. Сонымен қатар қолдан жасалған жүзу құралдарын пайдаланады, бұл өте қауіпті. Қолдан жасалған жүзу құралдары аударылып кетіп, үрленген матрастар мен камераларды жел алысқа алып кетуі мүмкін. Қайықтың ішінде ойнауға, қайықты шайқауға, тұрып орын ауыстыруға, ернеуден төмен жылжуға болмайды. Су қоймаларында адамдардың су асты ойындарына шек қойылады, себебі тұншығып қалулары мүмкін.

Жүзушіге суда демала білуді үйрену – өте маңызды. Бұл әдісті тайыз жерден бастаған дұрыс. Бірінші әдіс – аяқ пен қолды жазып, көзді жұмып, басын суға салып, арқамен жату керек. Осы қалыпта баяу қимылдау қажет. Терең дем алып, өкпедегі ауаны ұстай білген жөн.

Екінші әдіс – «қалтқы» сияқты денені жинап, ауаны ішке жұтып, бетін суға салып, екі тізені құшақтап қысып дем шығаруды тоқтату (күшке салмау). Кейін суда баяу дем шығару, сонан соң су бетінде тез дем алу және тағы да «қалтқы» болу соңғы әдісті үйренуге әсерін тигізеді. Әр бала суда жүзуді үлкендердің көмегімен үйренуі қажет. Әрбір адамға осы жоғарыда айтылғандардың бәрін біліп жүрген артық етпейді, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтап жүргенде ғана келеңсіз жағдайлардың орын алмасы анық.

Е.САБЫРБАЙ,
Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты

Түйткіл



103 бүлдіршін терезеден құлаған

Өткен айдың соңында Алматыда жаға ұстатарлық жағдай болып, шаһардың қақ ортасында 3 жасар бүлдіршін 13 қабаттан құлап көз жұмды. Төтенше жағдайлар министрлігі қанша ескертсе де мұндай жазатайым оқиғалардың саны азаймай тұр. Сарапшылар баланың өміріне бей-жай қарайтын ата-аналарға жазаны күшейту керек дейді. Жалпы мұндай жағдайда қандай жаза қолданылады? Тарқатайық...

Жыл сайын жаз мезгілі басталысымен терезеден құлап түскен кішкентай бүлдіршіндердің саны артқан. Оның басты себебі әрине, балаларды қараусыз қалдыру. Көп жағдайда терезеден құлау қауіп-қатеріне 2-7 жас аралығындағы балалар жиі ұшырайды. Оның себебі де анық, бұл жастағы балалар терезе алдында ойнаудың өміріне қаншалықты қауіпті екенін түсінбейді.

– Қазіргі қолданыстағы заң бойынша мұндай жағдайда баланың ата-анасы немесе заңды өкілдері тек әкімшілік жауапкершілікке ғана тартылады. Яғни тек 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Бірақ менің ойымша бұл жазаны күшейтіп, тіпті бас бостандығынан айыруға дейінгі жазаны қолданатын заңды қабылдау керек, – дейді адвокат Абзал Бекбосынов.

Биыл Қазақстанда 103 бала терезеден құлаған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда төмен. Мысалы терезеден құлау фактісі бойынша 2021 жылы 260 бала, былтыр 244 бала тіркелген. Құрылыс мекемелерінің айтуынша, соңғы екі жылда тенденсия өзгеріп, үй салар уақытта терезенің әйнегін 10 сантиметрге ғана ашатын қорғау құрылғысын орнатып жүр. Бірақ бұл да құрылыс компанияларының қалтасына ауыр түсіп кетеді.

Көп жағдайда балалардың құлауы олардың ата-анасының қарауынсыз қалуы себебінен орын алады. Қасіреттің алдын алу үшін, құтқарушылар кішкентай балаларды жалғыз қалдырмауға кеңес береді. Сонымен бірге барлық жиһаздарды бала терезе алдына шыға алмайтындай етіп, терезе жанынан алшақ қоюды ұсынады. Ал құрылысшылар терезе әйнектеріне қорғау функцияларын орнатуға кеңес береді. Сондықтан таңдау да, салғыртық танытпау да адамның еншісінде.

Терезедегі москиттік торларға да сенбеу керек. Олар құлаудан сақтауға арналмаған. Керісінше, москиттік тор қайғылы жағдайдың орын алуына әкеліп соғады, балалар москиттік торларды қауіпсіз деп ойлайды және терезеге сүйенгендей сол торларға сүйенеді. Ең сапалы тордың өзі баланың салмағы мен қысымды көтере алмайды.

Аймақта биыл балалардың терезадан құлауының 12 дерегі тіркелген. Салдарынан 1-7 жас аралығында 12 бала түрлі жарақат алған.

Әкімшілік кодекстің 127 бабы бойынша, қылмыстық кодекстің 141 бабы бойынша кәмелеттік жасқа, яғни 18-ге толмаған балалардың өміріне ата-аналар жауапты болып табылады. Олар өзінің кәмелет жасқа толмаған балаларын қараусыз қалдырғаны үшін олардың өміріне қауіп төндіргені үшін тікелей жауапқа тартылады.

Терезеден құлауды болдырмау үшін ата-аналар тарапынан өздерінің жас балаларына бақылауды күшейту қажет. Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында қарапайым ережелерді орындау баланың терезеден түсуінің алдын алуға, оның денсаулығы мен өмірін сақтауға көмектеседі. Ол үшін мамандардың төменде айтылған сақтық шараларын міндетті түрде орындаңыз.

– Терезелерді ашық қалдырмаңыз.

– Терезені тиісті қорғаусыз маса торларын пайдаланбаңыз, себебі бала алдында қандай да бір кедергіні көріп, оған сенімді түрде сүйеніп, нәтижесінде тіпті бір жастағы баланың есептелмеген тормен бірге құлап кетуі мүмкін.

– Баланың терезеге шықпауы үшін жиһазды терезенің жанына қоймаңыз.

– Баланы қараусыз қалдырмаңыз, әсіресе терезелер мен шыны есіктердің жанында ойнап жүрген.

– Балаларға төсекке немесе терезелерге жақын орналасқан басқа жиһазға секіруіне жол бермеңіз.

Әзірге балалардың қауіпсіздігі мәселесі толығымен шешілмей тұр. Арнайы норма болғанымен, терезелер мен олардың қорғаныш москиттерінің сапасын тексеріп жатқан ешкім жоқ. Үкіметте бұл бағыттағы заңды қатаңдатса құба-құп болар еді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Ғасыр дерті қауіпті

Елімізде адамның иммунитет тапшылығы вирусы халық арасында «вич» атауымен танымал ауру жыл сайын деңдеп барады. Жүре пайда болған иммун тапшылық синдромы нашақор мен жеңілжүрістілердің ғана ауру деп ойлау жаңсақ пікір. Бүгінде денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше республика бойынша 31 мың адам иммун тапшылығы вирусын жұқтырып, диспансерлік бақылауда тұр. Оның 18 мыңнан астамы ер адам болса, 12 мыңы әйел. Өкінішке орай вичке шалдыққандардың 300-ге жуығы бала.

Әлемде 14 жасқа толмаған 120 мыңға жуық бөбек вич сырқатынан көз жұмады екен. Дәрігерлердің айтуынша АИТВ сырқатын жұқтыру оңай. Бірақ одан толық сауығып кету мүмкін емес. Себебі ағзаға бір енген вирус өмір бақи жүреді.

– АИТВ-ның негізгі үш жұғу жолы дәлелденген. Қан және оның препараттары, қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы және жүктілік кезінде анадан балаға беріледі. АИТВ жұқтырғаннан кейін бірден пайда болмайды, 3-6 айдан кейін анықталады. Себебі АИТВ бірден клиникалық көрініс бермейді, сондықтан адамдар өздерін жақсы сезініп жүре береді. АИТВ-ны тек қана қанды тестілеу арқылы анықтайды. Адам бұл ауруға лайық емес. Осы індіттен өзімізді және жақындарымызды қорғау үшін барлық қорғану шараларын қабылдауымыз керек, – дейді аудандық психоәлеуметтік кеңес беру кабинетінің дәрігері Айман Бекниязова.

Бір қуантарлығы, дәрігердің айтуынша, ауданымызда аталған сырқат түрімен ауырған бірде-бір науқас тіркелмеген. Десе де, сақтық шараларын естен шығармай, алдын-алу бағытында тиісті шаралар атқара берген жөн.

Әлем ғалымдары АИТВ жұқпасына қарсы тиімді дәріні істеуде біршама жетістікке жеткен. Алайда осы күнге дейін ауруға қарсы нақты екпе табылмаған. Мамандар АИТВ-ның алдын алу, инфекциядан сақтанудың ең тиімді жолы әрбір адамның мінез-құлқына байланысты деп есептейді.

– АИТВ-дан қорғану үшін жастарымыз жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір сүре білу керек. Себебі бұл індетке көбіне санасы уланған, жаман жолға түскен адамдар шалдығады. Сондықтан біздің болашағымыз жастарды өмірде дұрыс жолмен жүріп, жат қылықтардан бойымызды алшақ ұстауға шақырамын. Сол кезде ұлт болашағы жарқын, ұрпағымыз сау болады, – дейді дәрігер.

АИТВ-дан толық айықтыратын ем жоқ, десе де ағзадағы вирус мөлшерін көбейтпейтін, адам өмірін ұзартатын вирусқа қарсы препараттар бар. Дәрігерлер сол препараттарды үздіксіз қабылдау арқылы адам өмірін ұзартып, қаншама жоспарды іске асыруға болатынын айтады.

Өмірде кез келген адам АИТВ жұқпасын жұқтырып алуы мүмкін, алайда жұқтыруға әкеп соғу жолдары туралы шынайы ақпаратқа сүйеніп, тәуекелден бас тартсаң, АИТВ және ЖИТС-тың алдын алуға болады. Осы ретте бұл кеселдің жұғу жолдарын айтып, отандастарымызды одан сақтануға шақыру қажет. Біріншіден, ол қан арқылы жұғады. Яғни АИТВ-мен зақымданған донордың қанын құйғанда немесе мүшелері мен ұлпаларын салғанда адам бұл кеселге шалдығады. Қан тамырына есірткіні енгізген кезде бір инені бірнеше адам қолданғанда, медициналық манипуляция кезінде залалсыздандырылмаған құралдарды пайдаланғанда да дерт жұқтырып алуы әбден мүмкін. Екіншіден жыныстық қатынас арқылы да бұл кесел тарайды. АИТВ жұқтырған анадан балаға берілуі де мүмкін. Оны жұқтырған анадан баласына жүктілік кезінде, босанғанда және емізу кезінде жұғады.

АИТВ жұқпасын қанды зертханалық зерттеуге тапсыру арқылы ғана анықтауға болады. Көпшілік жағдайда АИТВ жұқтырған соң 3 айдан кейін анықталады. Бұл кезең «терезе кезеңі» деп аталады, өйткені тест жүйесімен анықтау ағзаға антиденелердің керекті мөлшерде өндіру 3 айға дейін мерзімді қажет етеді. Не десек те, әзірге адам ағзасын иммун тапшылығына ұшырататын дерттің дауасы табылмай тұр. Қазақстанда АИТВ жұқпасы алғаш рет 1987 жылы тіркелген.

Айта кетейік, жыл сайын әлем елдерінде мамыр айының үшінші жексенбісі ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу күні. Бұл күннің мақсаты – ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алып, АИТВ және ЖИТС-пен өмір сүретіндерге қолдау көрсету, АИТВ-ның бар екенін еске салу, қоғамды АИТВ және ЖИТС пен күресуге жұмылдыру. Бұл күні адамдар өздерінің ЖИТС індетінен қайтыс болған достарын, жақындарын еске алып, АИТВ мен ЖИТС-ке шалдыққандарға қолдау көрсетуге тырысады.

Ең алғаш ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу 1983 жылы АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында болған. Содан кейін ЖИТС-ке қарсы күрес символы қызыл лентаны суретші 1991 жылы сәуірде Фрэнк Мур ойлап шығарған. Қызыл лента ЖИТС пен күресудің символына айналып, дертке шалдыққан адамға деген ынтымақтастықты білдіреді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Мәселе

Алаяқтар 12 миллиард теңге жымқырған

Жеке деректер құпия болмай қалды. Қазір желідегі алаяқтардың кесірінен қарапайым жұрт талай рет сан соқты. Ал халықты тонап жүрген хакерлердің ізіне түсу қиынның-қиыны. Мамандар әзірге алаяқтардың қалтасына түскен 12 млрд теңгенің тек 250 млн-ның ғана қайтарып үлгерді. Сондықтан жауапты мамандар кейбір қауіпсіздік заңнамаларына біршама өзгерістер енгізді.

Әр онжылдық сайын адамзат түрлі салада дамып, қиындықпен де бетпе-бет келеді. Соның ішінде ақпараттық технологияның дамуы тарихта болмаған жаңашылдықты алып келгені белгілі. Алайда бұл үрдіспен қатар, жаңа мәселелер де туындай бастады. Мәселен, күнделікті қолданып жүрген әлеуметтік желіден бастап, өзге де пайдалы онлайн платформаларда әр қолданушының жеке басына қатысты деректер сақталған. Бір қарағанда бұл платформалар қауіпсіз көрінуі мүмкін, себебі адамдарға олардың пайдасы көп тиеді. Яғни әлеуметтік желі айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алуға көмектесуде. Алайда қауіпсіз болып көрінген бұл ақпаратты кім, қандай мақсатта қолдануы мүмкін деген ой адамның санасына да кірмейді. Жаңадан шыққан онлайн өнімді талқылап, бір-бірімізге жарнамалап жүргенде, компаниялар миллиардтаған доллар тұратын ақпарат қорын жинақтап алады. Яғни бұл жерде нағыз өнім – сіз, сіз жөніндегі деректер.

Интернет дамыған заманда, сол арқылы жасалатын онлайн-алаяқтықта күн санап өсіп жатқанын естіп те, көріп те жүрміз. Бірақ интернет алаяқтықтарға қанша жерден тосқауыл қойғанымен, олардың айласы ол тосқауылдардан да асып тұр. Мысалы «әртүрлі телеграм чаттар арқылы қомақты ақша табыңыз» немесе «сіздің номеріңіз таңдалып, сыйлық ұттыңыз» деп қарапайым халықты алдауда. Ішкі істер министрлігімен қылмыстық істер ретінде де қаралуда. Бірақ алаяқтың өзін табу мүмкін емес болып отыр. Былтыр бір жылда 15 мыңнан аса интернет алаяқтық тіркелген. Оның ішінде 3 мыңнан астамы ресми банктердің атын жамылып азаматтарды алдаған. Осы жерде нақты сауал туындайды. Өздерінің құрығына түсіретін алаяқтар азаматтардың жеке деректері мен телефон нөмірлерін қайдан алады? Оларға бұл деректерді кім береді?

Қанша жерден адамдардың жеке деректерін заңмен қорғап, оның таралуын шектесек те, алаяқтық тоқтайтын емес. Қазіргі таңда жеке деректердің құпиялығы ешкімге құпия болмай тұр.

Бұдан-былай заңға енгізілген өзгерістер бойынша, барлық компаниялар сақтандыру қызметтерін қолдануға міндеттеледі. Қандай да бір мекеменің жеке деректері тарап кетсе, зардап шеккен қызметкер қажетті төлемдерін оп-оңай өндіре алады.

– Сақтандыру компаниясының қызметін қолданатын мекеме міндетті төлемдерді өтеуге тиіс. Егер де мекемедегі қызметкерлердің деректері тарап кетсе, қызметкерлер зардап шеккені үшін қажетті қаражатты сақтандыру компаниясынан өндіре алады. Бәріміздің де басымыздан өткен шығар, қонақүйлер жеке куәліктің көшірмесін сұратып жатады. Әрі қағазға өткен көшірмесін өзінде сақтауға тырысады. Дәл мұндай жағдайлар екінші деңгейлі банктерде де кездеседі. Бүгінгі таңда жеке куәліктің көшірмесін сұратуға заң бойынша тиым салынады, әрі ережені сақтамағандар айыппұл төлейді, – дейді ҚР ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Кенжебеков.

Мамандардың айтуынша енді жеке дерегі көпке жария болған тұлға өзін алаяқтардан қорғай алады. Яғни азамат egov кабинетінде «Стоп кредит» батырмасын басып, 6 ай мерзімге несие алудан ерікті түрде бас тартуы керек. Сәйкесінше хакерлер қолында бөгде адамның дерегі бола тұра қылығын жүзеге асыра алмайды. Сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы мекемелер жеке куәліктің көшірмесін талап етсе сіз бас тартуға құқылысыз. Себебі бұл да заң аясында қаралатын мәселе. Егер тиісті мекеме заң бұзса айыппұл арқалайды.

Жауапты мамандар қарапайым халыққа да үндеу тастады. Жеңіл ақша табуға алданып, жеке басының деректерін әр сайттар мен парақшаларға тіркемеуге шақырады. Сарапшылар осы онжылдықтың басты мәселесі дәл осы деректердің құпиялығын сақтау болатынына сенімді. Халықтың жеке мәліметіне сақ болып, цифрлы сауатын арттыру мәселесі кезек күттірмейді. Алдаға уақыттарда заңдарға енгізілген өзгерістер бұл мәселенің шешімін табуда көмектеседі ме, оны уақыт көрсетеді. Бастысы ең алдымен жеке бас деректеріне өзіміз ие болып, жұмысқа орналасу кезінде өз құқығымызды біліп жүрейік.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1228

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ